



**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ИМЖ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТЫ**

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

ҚБТУ ИМЖ КС 59-3-20

Алғы сөз

Осы «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібі» корпоративтік стандарты «Қазақстан - Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының интеграцияланған менеджмент жүйесі (бұдан әрі -ИМЖ) құжаттамасының құрамдас бөлігі болып табылады және ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2016 халықаралық стандарттары серияларының талаптарына сәйкес келеді.

Жалпы мәліметтер

Әлеуметтік ғылымдар мектебінде
ӨЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы Басқармасының
2020 жылғы 05 тамыздағы №18 шешімімен
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

МАЗМҰНЫ	Беті
1. МАҚСАТЫ	4
2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	4
3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
5. ТӘУЕКЕЛДЕР	6
6. ЖАЗБАЛАР	6
7. ЖАУАПКЕРШІЛІК	7
8. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР	7
9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	7
ШАРАНЫҢ БЛОК-СХЕМАСЫ	8
ҚОСЫМША	9

1. МАҚСАТЫ

1.1 Осы «ҚБТУ» АҚ-тың «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібі» корпоративтік стандарты (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу бойынша талаптарды айқындайды.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Осы Тәртіптің талаптары білім алушылардың білімін бағалау процесіне қатысатын «ҚБТУ» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

3. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

3.1. Осы Тәртіппен келесі терминдер және оларға сәйкес анықтамалар мен қысқартулар қолданылады :

1) **МЭЖ** – Мемлекеттік емтихан комиссиясы
2) **ҚБТУ, Университет** – «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы;

3) **ҚР БжҒМ** - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

4) **Апелляция (Appeal)** - білім алушылардың білімін объективті емес бағалауға ықпал еткен факторларды анықтау және жою үшін жүргізілетін шара;

5) **Бакалавриат** - тиісті ББ бойынша кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игерту арқылы «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

6) **Қорытынды бақылау (Final Examination)** - аралық аттестаттау кезеңінде пәнді оқу аяқталғаннан кейін емтихан формасында өткізілетін білім алушының оқу жетістіктерін тексеру;

7) **Тіркеуші офісі (Office of the Registrar)** - білім алушыларды оқытылатын пәндерге тіркеумен, оқытудың бүкіл кезеңі ішінде олардың барлық оқу жетістіктерін тіркеумен айналысатын, білімді межелік және қорытынды бақылауды ұйымдастыруды және академиялық рейтингті есептеуді қамтамасыз ететін қызмет;

8) **Ритейк** – «қанағаттанарлықсыз» («F») қорытынды бағасын алған жағдайда пәнді қайта өту;

9) **Қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру** – «FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда білім алушының оқу пәні/модуль бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыруға мүмкіндігі бар;

10) **Оқу пәні** - таңдалған білім, білік және дағдылар жүйесі білім беру мекемесінде оқуға арналған ғылымның, техниканың, өнердің, өндірістік қызметтің белгілі бір саласы.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 ҚБТУ барлық білім беру бағдарламаларының (немесе) бакалавриат деңгейінде даярлау бағыттарының білім алушылары «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады, ол бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттау кезеңінде сол семестрде оқуды аяқтағаннан кейін өткізіледі.

4.2 Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша тиісті бейіндегі мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар білім алушылар «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнін оқып, мемлекеттік емтихан тапсырады.

4.3 «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан өткізу үшін Әлеуметтік ғылымдар мектебінің тарих және әлеуметтік ғылымдар секторының ОПҚ осы пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқытудың барлық формалары мен білім беру бағдарламалары үшін бірыңғай жұмыс оқу бағдарламасын әзірлейді және ҚБТУ Оқу - әдістемелік кеңесінің мәжілісінде мақұлданады.

4.4 Күнтізбелік жылға арналған «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін комиссия төрағасы мен мүшелерінің құрамында МЭК қалыптастырылады. МЭК мүшелерінің саны кемінде 3 адам. МЭК құрамына оның мүшелерінің құқықтары бойынша: Әлеуметтік ғылымдар мектебінің деканы немесе деканының орынбасары, осы пән бойынша сабақ жүргізетін жоғары білікті оқытушылар қатарындағы адамдар кіреді.

4.5 МЭК құрамы ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасы) бұйрығымен бекітіледі.

4.6 МЭК мәжілістерінің кестесін академиялық күнтізбеге сәйкес Тіркеуші кеңсе жасайды және МЭК басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді.

4.7 «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан жазбаша немесе ауызша түрде өткізіледі. Мемлекеттік емтиханды өткізу формасы Әлеуметтік ғылымдар мектебі кеңесінің шешімімен айқындалады. Мемлекеттік емтихан ҚБТУ-да бекітілген қорытынды емтиханды өткізу тәртібінде көзделген тәртіппен өткізіледі. Мемлекеттік емтиханды қашықтықтан өткізу ерекшеліктері «ҚБТУ қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту ережелерінде» айқындалады.

4.8 МЭК мәжілісінің ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

4.9 МЭК мәжілісі әрбір білім алушыға дербес хаттамамен ресімделеді және мәжіліске қатысқан Комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

4.10 МЭК мәжілісінің хаттамасын Әлеуметтік ғылымдар мектебі қызметкерлерінің арасынан тағайындалатын техникалық хатшы жүргізеді.

4.11 МЭК мәжілісінің хаттамалары А4 парақтарында нөмірленеді, тігіледі және мемлекеттік емтихан басталғанға дейін Әлеуметтік ғылымдар мектебі деканатының мөрімен бекітіледі.

4.12 Егер білім алушы МЭК мәжілісіне келмесе, онда хаттамада оның тегіне қарама-қарсы «Келмеді» деген белгі қойылады.

4.13 Мемлекеттік емтихан нәтижелері білім алушының білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. МЭК-тің әрбір мүшесі білім алушының емтихан жауаптарын бағалайды, хатшы жалпы орташа бағаны (балды) шығарады.

4.14 «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру нәтижелері оны тапсыру көзделген емтихан сессиясының қорытындыларын өткізу кезінде ескеріледі.

4.15 «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнінен мемлекеттік емтиханды тапсыру нәтижелері бойынша білім алушыларды емтиханға жіберу рейтингін бағалау мен мемлекеттік емтиханды бағалау ескеріле отырып, қорытынды баға қойылады. Бұл ретте рұқсат беру рейтингін бағалау пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 60% -ын құрайды, ал мемлекеттік емтиханды бағалау пән бойынша білімді қорытынды бағалау 40% -ды құрайды.

4.16 «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан бойынша білім алушылар «Қанағаттанарлықсыз» - «F» бағасын алған жағдайда, ол осы пәнге ақылы

негізде қайта жазылуға, келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайта қатысуға, ағымдағы бақылау талаптарын орындауға, мемлекеттік бақылау алуға және қайта емтихан тапсыруға тиіс. МЕ бойынша «FX» бағасы қойылмайды.

4.17 «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағасын оң тұрғыда көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

4.18 Мемлекеттік емтихан басталғаннан кейін тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында аудиторияда тек МЭК мүшелері болуға құқылы. Аудиторияға МЭК-ке кіргізу МЭК төрағасының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

4.19 «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша апелляцияларды қарау үшін ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасы) бұйрығымен тәжірибелі оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады. Мемлекеттік емтихан нәтижесімен келіспеген білім алушы мемлекеттік емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін апелляцияға береді. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда апелляциялық комиссия мәжілісінің хаттамасы қайта құрастырылады. Бұл жағдайда бірінші хаттаманың нәтижелері «Бағалау № хаттамамен қайта қаралды» деген жазумен түсіндіріледі және оған апелляциялық комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қояды.

4.20 МЭК жұмысының соңында Комиссия төрағасы есеп жасайды, ол Әлеуметтік ғылымдар мектебі мәжілісінде талқыланады, содан кейін ҚБТУ ОӘК мақұлдауына беріледі.

5. ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ШАРАЛАР

5.1. Осы Тәртіппен регламенттелген іс-әрекеттерді орындау барысында келесідей тәуекелдер туындауы мүмкін:

№ р/т	Тәуекел атауы	Алдын алу әрекеттері	Түзету әрекеттері	Тәуекел иесі
1	МЭК мәжілісінің мерзімдерін сақтамау	МЭ кестесін қатаң сақтау	Тәуекелдердің себебін талдау және жою	Әлеуметтік ғылымдар мектебінің деканы
2	МЭК төрағасы есебінің жасалмауы	МЭК төрағасының есебін ұсыну мерзімдерін қатаң сақтау	Тәуекелдердің себебін талдау және жою	Әлеуметтік ғылымдар мектебінің деканы

6. ЖАЗБАЛАР

6.1. Осы Тәртіп шара бойынша қызметтің аралық және қорытынды нәтижелерін жазбаша және/немесе электрондық түрде растайтын төмендегі жазбаларды қамтиды:

№ р/т	Жазба атауы	Жазбаны сақтау орны	Жазбаларға жауапты
1	Емтихан билеттері	Әлеуметтік ғылымдар мектебінің деканаты	Мектеп деканы
2	Мемлекеттік емтихан комиссиясы мәжілісінің хаттамалары	Әлеуметтік ғылымдар мектебінің деканаты	Мектеп деканы

3	МЭК төрағасының есебі	Тіркеуші кеңсе	Басшысы
4	Емтихан ведомосі	Оқу-әдістемелік орталық	Басшысы

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1. ҚБТУ-да «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша МЕ ұйымдастыру жауапкершілігі ҚБТУ-дың Академиялық мәселелер жөніндегі проректорына жүктеледі.

7.2. ҚБТУ-да «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша МЭ өткізу үшін жауапкершілік Әлеуметтік ғылымдар мектебінің деканына жүктеледі.

7.3. ҚБТУ-да «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша МЭ өткізуді бақылау ҚБТУ-дың Академиялық мәселелер жөніндегі проректорына жүктеледі.

8. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

8.1. Осы тәртіп келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері;

3) Жоғары және(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына 5-қосымша);

4) Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білімнің стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 7-қосымша)

5) «ҚБТУ» АҚ Жарғысы.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Осы тәртіп ҚБТУ Басқармасы оны бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін күшіне енеді.

9.2. Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

9.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚБТУ Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Тәртіптің жекелеген нормалары олармен қайшы келсе, Тәртіп заңнамаға және Жарғыға сәйкес келгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу қажет.

9.4. Осы Тәртіппен регламенттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университеттің нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

«МЭК-ті ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ» ШАРАСЫНЫҢ БЛОК-СХЕМАСЫ

Іс-қимыл	Кім орындайды	Жазба
МЭК мәжілісінің кестесін жасау, білім алушыларды емтиханға жіберу	Тіркеуші кеңсе	Ішкі □ электрондық жүйеде
МЕ тапсыру туралы хабарландыру беру	Мектеп декандары	ҚБТУ сайтында және желілерде, студенттік чаттарда
МЭК-ке қатысты құжаттарды дайындау (МЭК құрамы туралы бұйрықты дайындау, хаттамалар)	Әлеуметтік ғылымдар мектебі	ДҚР, мектептер деканаты
Сұрақтар мен емтихан билеттерінің тізбесін дайындау және бекіту	Әлеуметтік ғылымдар мектебі	Білім алушыларға сұрақтар тізбесін ұсыну
Шығу: МЭК төрағасының есебін дайындау		

**«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша
мемлекеттік емтихан комиссиясының мәжілісінің
№ _____ ХАТТАМАСЫ**

(әрбір білім алушыға толтырылады)

"__" _____ 20__ ж. сағ. __ мин. сағ. _____ мин. _____ дейін

Қатысқандар: мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы

_____ (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы,

_____ ұйым атауы, атқаратын қызметі)

Комиссия мүшелері:

«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру туралы

1. Білім алушыдан емтихан алынды _____
(аты-жөні, мамандығы)

2. Сұрақтар: (тестілеу нәтижесі)

1. _____

2. _____

3. _____

3. Білім алушы _____
(аты-жөні)

емтиханға жіберілудің келесі рейтингіне ие _____.
(балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша сәйкес рейтингі)

4. Білім алушы _____
(аты-жөні)

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды

_____ (балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға көрсетіледі)

бағамен тапсырды деп танылсын.

Мемлекеттік емтихан комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірлері:

_____ МӘЖ төрағасы _____ (қолы)

_____ Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

_____ (қолдары)

_____ Хатшысы _____ (қолы)

(Форма)

1-кесте

..... жыл ішінде мемлекеттік емтихан тапсыру нәтижелері

мамандығы

ЖОО атауы.....

Қорытынды емтихан формасы	Рұқсат етілгендер саны	Тапсырғандар саны	Оның ішінде:					Келмегендер
			Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	Орташа балл	
«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан								
Қорытынды								